

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Майлықент ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 62 "Майлықент ауылдық округі, Т.Рысқұлов ауылы, У.Досалиев көшесінде және У.Досалиев көшесіндегі № 40/А үйдің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы Майлықент ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 тамыздағы № 106 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 тамызда № 5740 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Түлкібас аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 21 шілдедегі № 268 ұсынысы негізінде, Майлықент ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Құтыру ауруының ошақтарын жоюға қатысты барлық ветеринарлық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Майлықент ауылдық округі, Т.Рысқұлов ауылы, У.Досалиев көшесінде және У.Досалиев көшесіндегі № 40/А үйдің аумағында шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Түлкібас ауданы, Майлықент ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 62 "Майлықент ауылдық округі, Т.Рысқұлов ауылы, У.Досалиев көшесінде және У.Досалиев көшесіндегі № 40/А үйдің аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5623 болып тіркелген, 2020 жылы 20 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Майлықент ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Мусралиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК